КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 24 қаңтар №7119-23-00-2/15154 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М. Утегенова,
сот отырысының хатшысы Д.Қ.Смагулова болып,
ашық сот отырысында мобильді байланыс және аудио-бейнетүсірілім құралдарын қолданып, келесі арыз бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Астана Опера" Мемлекеттік опера және балет театры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
1. «Әтеева» жеке кәсіпкер Әтеева Талшын Досболқызы
2. «Карашова» жеке кәсіпкер Карашова Динара Манатовна
3. «ПрофТехСнаб» жеке кәсіпкер Жакенов Еркин Асылханович
4. "КазДЗ" ЖШС

АРЫЗ БЕРУШІНІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
арыз берушінің өкілдері Е.С. Ревенко, К.Т. Амренова
жауапкердің өкілі «Әтеева» ЖК Б.Еркали
жауапкердің өкілі "КазДЗ" ЖШС Е.Б.Кабдушев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 26 қыркүйек "Астана Опера" Мемлекеттік опера және балет театры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (әрі қарай - Тапсырыс беруші, Талап қоюшы) мен жеке кәсіпкер «Әтеева» атынан - Әтеева Талшын Досболқызы (әрі қарай - Өнім беруші-1, Жауапкер-1) арасында соммасы 101

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 31.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.02.2024, судья Нурланов Б. К., 30.03.2024
7119-23-3-1/14910

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

800 теңгеге тауар – «Киімді тазалауға арналған білікше (ролик)», 100 данада сатып алу туралы № 378/ЦП шарт (әрі қарай - Шарт) жасалынған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, тауар жеткізу мерзімі шартқа қол қойылған сәттен бастап күнтізбелік 15 күн.

Тараптармен қосымша шарт жасалынбаған.

2023 жылғы 28 қарашада "Астана Опера" Мемлекеттік опера және балет театры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (әрі қарай - Тапсырыс беруші, Талап қоюшы) мен жеке кәсіпкер «Карашова» атынан - Карашова Динара Манатовна (әрі қарай - Өнім беруші-2, Жауапкер-2) арасында соммасы 85 000 теңгеге тауар – «Прожектор», 5 данада сатып алу туралы № 444/ЦП шарт (әрі қарай - Шарт) жасалынған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, тауар жеткізу мерзімі техникалық спецификацияға сәйкес болып белгіленген.

2023 жылғы 21 қарашада "Астана Опера" Мемлекеттік опера және балет театры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (әрі қарай - Тапсырыс беруші, Талап қоюшы) мен жеке кәсіпкер «ПрофТехСнаб» атынан - Жакенов Еркин Асылханович (әрі қарай - Өнім беруші-3, Жауапкер-3) арасында соммасы 8 481 500 теңгеге тауар – «Бағытталған жарық шамы», 25 данада сатып алу туралы № 55/БП шарт (әрі қарай - Шарт) жасалынған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, тауар жеткізу мерзімі шарт жасасқан күннен бастап күнтізбелік 40 күн.

2023 жылғы 17 қаңтарда "Астана Опера" Мемлекеттік опера және балет театры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (әрі қарай - Тапсырыс беруші, Талап қоюшы) мен "КазДЗ" ЖШС (әрі қарай - Өнім беруші-4, Жауапкер-4) арасында соммасы 6 664 000 теңгеге тауар – «Сиыр еті», 2500 килограмм сатып алу туралы № 27/ЦП шарт (әрі қарай - Шарт) жасалынған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, тауар жеткізу мерзімі техникалық спецификацияға сәйкес болып белгіленген.

Талап қоюшы өз талабында, жауапкерлер шарт жасау барысында шартпен толық танысып, онымен келіскенін. Алайда жауапкерлер ЖК «Әтеева» мен ЖК «Карашова» тауар тиісті түрде жеткізілмегенін, шарт орындалмағанын. Ал, жауапкерлер ЖК «ПрофТехСнаб» және "КазДЗ" ЖШС шарт бойынша тауарларды жеткізгендерін, талап қоюшы тарапынан тауардың сапасы мен санына қатысты ескертулер жоқ екенін, алайда жауапкерлер тауарларға қатысты сертификаттарды ұсынбағандарын, жауапкерлер шарт бойынша міндеттемелерін орындамағандарын көрсетіп, талап қоюды толық көлемде қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкерлерден талап қоюға қарсы пікірлер түспеген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілдері талап қоюды қолдап, соттан жауапкерлерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Сот отырысында жауапкерр ЖК «Әтеева» өкілі талаптан бас тартуды сұрады.

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 31.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.02.2024, судья Нурланов Б. К., 30.03.2024
7119-23-3-1/14910

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сот отырысында жауапкер "КазДЗ" ЖШС өкілі талаптан бас тартуды сұрады.

Жауапкерлер ЖК «Карашова» және ЖК «ПрофТехСнаб» сот отырысының күні мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған. Алайда белгісіз себептермен сот отырысына қосылмаған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 127-бабының нормалары бойынша (бұдан әрі – АПК), іске қатысатын адамдар, олардың өкілдері, сондай-ақ куәлар, сарапшылар, мамандар мен аудармашылар сот отырысының немесе жекелеген процестік әрекеттерді жасаудың уақыты мен орны туралы хабарландырылады және соттың шақыру қағаздарымен сотқа шақырылады.

ҚР АПК-нің 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Көрсетілген процессуалдық нормаларды сақтай отырып, іс жауапкерлердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы өз мерзімінде аталған талап қоюмен сотқа жүгінген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 268-бабына сәйкес (бұдан әрі - АК), шарт жасасу міндеттеменің пайда болуына негіздер болып табылады.

Азаматтармен заңды тұлғалар шарт жасасуға еркін (АК-тің 380-бабы). Шарт ол жасалған сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады (АК-тің 386-бабы).

Егер сату-сатып алу шарты бойынша түрлеріне, үлгілеріне, мөлшеріне, түстері мен өзге де белгілеріне (түр-түрі) қарай белгіленген тауарлар берілуге тиіс болса, сатушы сатып алушыға тауарларды тараптар келіскен түр-түрі бойынша беруге міндетті (АК-тің 420-бабы).

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 31.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.02.2024, судья Нурланов Б. К., 30.03.2024
7119-23-3-1/14910

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Іс-құжаттарына сәйкес, 2023 жылғы 26 қыркүйек талап қоюшы мен мен ЖК «Әтеева» арасында № 378/ЦП шарт жасалған.

2023 жылғы 28 қарашада талап қоюшы мен ЖК «Карашова» арасында № 444/ЦП шарт жасалған.

Демек, жауапкерлер шартқа қол қойып, оның талаптарымен келіскен. Сондай-ақ, жауапкерлерді ешкім шарт жасасуға мәжбүрлемеген, тиісінше тараптардың еркімен жасалынған.

Тараптар арасында шартты өзгертуге байланысты қосымша келісім жасалынбаған.

АК-тің 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Сондай-ақ, АК-нің 359-бабының 1-тармағына сәйкес, борышқор кінәлі болған кезде егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе ол кінәсіз деп танылады.

Заңының 43-бабының 23-тармағына сәйкес, тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Сотта анықталғандай, бүгінгі таңға дейін тапсырыс берушіге тауар жеткізілмеген.

Кодексте, басқа да заң құжаттары мен шартта өзгеше көзделмесе, шарт тараптардың келісуімен өзгертілуі және бұзылуы мүмкін. Шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда (шарттан тиісінше ішінара немесе толығымен бас тарту (осы Кодекстің 404-бабы) шарт өзгертілді немесе бұзылды деп есептеледі. Шартты өзгертуге немесе бұзуға ұсыныстан екінші тараптың бас тартуы алынғаннан кейін, не ұсыныста көрсетілген немесе заңдарда не шартта белгіленген мерзімде, ал ондай мерзім болмаған кезде отыз күн мерзімде жауап алынбағаннан кейін ғана тарап шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты сотқа мәлімдей алады (АК-тің 401, 402-баптары).

Тапсырыс берушімен шарт біржақты тәртіпте бұзылған яғни жауапкер ЖК «Әтеева» шарт бойынша міндетеменің орындалмауына байланысты, 2023 жылғы 15 желтоқсанда, ЖК «Карашова» шарт бойынша міндетеменің орындалмауына байланысты, 2023 жылғы 29 желтоқсанда бұзылған.

Жауапкерлер істің қаралу сатысында шарттың біржақты тәртіпте бұзылғандығын дауламады және тауарды қабылдауға міндеттеу туралы қарсы талаппен сотқа жүгінбеді, яғни сот, бұл жауапкерлердің процестік рәсімдерді өткізіп алғаны деп санайды.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 31.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.02.2024, судья Нурланов Б. К., 30.03.2024
7119-23-3-1/14910

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға Заңның 45-бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс.

Әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс (АПК-тің 72-бабы).

Алайда, жауапкерлер талап қоюшының уәждерін жоққа шығаратын дәлелдемелерді сотқа ұсынбады.

Тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды.

Сот, жауапкерлердің уәждері ешқандай тиісті құжаттармен дәлелденбейді және ақылға қонымсыз деп санайды, сондай-ақ талап қоюшының уәждерін жоққа шығаратын дәлелдемелерді сотқа ұсына алмады.

Аталған істі қарау барысында шарт талаптарының жауапкерлермен тиісті түрде орындалмағандығын, яғни тауар мерзімінде жеткізілмегендігін ескеріп, сот жауапкер ЖК «Әтеева» және ЖК «Карашова» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерлер ЖК «Әтеева» және ЖК «Карашова» сот шығындары өндірілуге жатады.

Сонымен қатар, сот жауапкерлер "КазДЗ" ЖШС және ЖК «ПрофТехСнаб» шарттық міндеттемелердің толық көлемде орындалғанын анықтады.

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 31.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.02.2024, судья Нурланов Б. К., 30.03.2024
7119-23-3-1/14910

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Аталған жағдай іске тіркелген 2023 жылғы 24 қарашада орындалған жұмыстар актісімен куәландырады, және тараптардың уәждерәмен де расталады.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы №5 нормативтік қаулысының 5-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған шарттар бойынша өздерінің міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талаптарды қарау кезінде соттар әділдік пен парасаттылық өлшемдерін Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 6-бабының 5-бөлігіне сай негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 359-бабына сәйкес өнім берушінің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негіздемесі және тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдар ретінде назарға алулары қажет. Шарт тарабына шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатын шығын келтіруді жағымсыз салдар ретінде түсіну керек.

Шарт жауапкерлер "КазДЗ" ЖШС және ЖК «ПрофТехСнаб» орындалды, төлем жасалды.

Жоғарыда аталған негіздерде, мемлекеттік сатып алуды құқықтық реттеу қағидаттарына, әділдік пен парасаттылыққа байланысты, теріс салдардың жоқтығын және шарттық міндеттемелердің толық көлемде орындалуын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкер жауапкерлер "КазДЗ" ЖШС және ЖК «ПрофТехСнаб» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою талаптарын қанағаттандырудан бас тарту керек деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерлер жауапкерлер "КазДЗ" ЖШС және ЖК «ПрофТехСнаб» сот шығындары өндірілуге жатпайды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап арызы – ішінара қанағаттандырылсын .

Жеке кәсіпкер «Әтеева» атынан - Әтеева Талшын Досболқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Әтеева» атынан - Әтеева Талшын Досболқызынан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Карашова» атынан - Карашова Динара Манатовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 31.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.02.2024, судья Нурланов Б. К., 30.03.2024
7119-23-3-1/14910

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер «Карашова» атынан - Карашова Динара Манатовнадан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

"Астана Опера" Мемлекеттік опера және балет театры" коммерциялық емес акционерлік қоғамының "КазДЗ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою қанағаттандырудан – бас тартылсын.

"Астана Опера" Мемлекеттік опера және балет театры" коммерциялық емес акционерлік қоғамының жеке кәсіпкер «ПрофТехСнаб» атынан - Жакенов Еркин Асылхановичке қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою қанағаттандырудан – бас тартылсын.

Шешімге іске қатысқан тұлғалар апелляциялық шағымды, прокурор апелляциялық өтінішхатты АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап сол мерзімде беруі мүмкін.

Судья **А.М.Утегенова**

Құжатқа қол қойылған: Утегенова А. М., 31.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.02.2024, судья Нурланов Б. К., 30.03.2024

7119-23-3-1/14910